

Godox

**Жарықдиодты
сақиналы
жарықтандырғыш**

RING48


Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қазақ



4826805

1. Корпустың негізгі элементтері



- | | |
|---|---|
| ① Аккумулятор | ⑦ Зарядтау құрылғысының кіріс істікшесі |
| ② Қуаттың шығыс ағытпасы | ⑧ 3В зарядтау құрылғысының шығыс істікшесі |
| ③ Тұрақты тоқтың 3В қуатының кіріс ағытпасы | ⑨ Сақиналы бастиек қауатының кіріс ағытпасы |
| ④ Қуат индикаторы | ⑩ Жұмыс режимінің контроллері |
| ⑤ Ыстық тоспа | |
| ⑥ Қуат типін ауыстырып-қосқышы | |
| Off: қуат сөндірулі | |
| DC 3V: қуаттану желіден | |
| Batt: қуаттану батареядан | |

2. Қуатты қосу

Сақиналы жарықдиодты Ring48 жарықтандырғышы қуаттанудың 2 тәсілін қолдайды:

1) AA типті 2 қуат элементі (сілтілі батареялар немесе Ni-MH аккумуляторлар).


2) 3В желілік қуаттанудың адаптері

Ескерту: желілік адаптер тек қана жарықдиодты жарықтандырғыш үшін пайдаланылады. Оны аккумуляторлық батареяны зарядтау үшін пайдаланбаңыз.

3. Назар аударыңыз:

- 1) Жақсы қосылуға кепілдік беру үшін батареялар ағытпаларының тазалығына көз жеткізіңіз. Батареялардың жарылуына, сұйықтығының ағыт кетуіне немесе қатты қызып кетуіне жол бермеу үшін тек қана AA типті екі жаңа батареяны пайдалануды сұраймыз, ескі және жаңа батареяларды немесе әртүрлі үлгідегі батареяларды бірге пайдаланбаңыз.
- 2) Батареяларды бөлшектемеңіз, оларға суға немесе отқа салмаңыз, бұл жаралысқа әкелуі мүмкін. Сілтілі батареяларды зарядтауға тырыспаңыз.
- 3) Бұйымның бұзылуына жол бермеу үшін, егер бұйым ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса немесе батареялар толық разрядталған болса, батареяларды міндетті түрде алып қойыңыз.

4. Пайдалану тәртібі



1) Контроллерді орнату

Контроллердің орнатқыш аяқшасын камерадғы ыстық тоспаға кіргізіңіз және аяқшадағы бөгеткіш сақинаны тартып бекітіңіз.

2) Жарықтандырғышты орнату

Жиынтыққа кіретін алты өтпелі сақиналардың біреуін пайдалана отырып, жарықдиодты сақиналы бастиекті камераның объективіне орнатыңыз: 49 мм, 52 мм, 55 мм, 58 мм, 62 мм және 67 мм.

3) Қуатты қосу

A. Батареялардан қуаттану

Батареяларды орнатыңыз және қуаттану типі ауыстырып-қосқышында «BATT» жайғасымын таңдаңыз.

B. Желіден қуаттану

Желілік адаптердің дөңгелек істікшесін контроллердің «DC3V»-на кіргізіңіз, ал екінші ұшын айнымалы тоқ желісіне қосыңыз. Содан кейін контроллердегі қуаттану типінің ауыстырып-қосқышын «DC3V» жайғасымға ауыстырыңыз.

Ескерту. Аккумуляторлық батареяны желіден жұмыс істеп тұрған кезде контроллерде қалдырмаңыз.

4) Объективті пайдалану

Сақиналы жарықтандырғыш макрообъективке орантуға арналған, дегенмен оны сонымен қатар объективтердің басқа типтерімен пайдалануға болады, мынаған назар аударыңыз:

Кейбір объективтердің алдыңғы линзасы орнатылған жарықтандырғышпен бірге бұрылуы мүмкін, бұл камераның фокустандыруына әсер етуі мүмкін. Объективтің осындай типін пайдалансаңыз, қолмен фокустандыруды пайдалануды сұраймыз.

Маңызды жазбалар

Энергияны жоғары тұтынатындықтан қайта зарядталатын батареяларды пайдалануды қадала ұсынамыз. Егер әдеттегі 1,5В батарея пайдаланылатын болса, жарық әсері күңгірт және жұмыс уақыты қысқа болады.

Жарықтандырғыш пайдаланылмағанда қуатты ажыратып қойыңыз.

5. Техникалық сипаттамалары

Тиімді жұмыс қашықтығы	3см-100см (1,1-40 дюйм)
Жарықтылықты реттеу	қуаттың 1/2, толық қуат
Жұмыс істеу уақыты (2 AA NiMH батарея)	шамамен 1,5 сағат
Өлшемдері	① Контроллер 91*4.4*4.4 см ② Сақиналы жарықтандырғыш 12.8*10.3*2.8 см
Салмағы	165г (батареяларсыз)
Жарықдиодтардың саны	48
Түстер температурасы	5500К~6500К

6. Жиынтықталуы

Сақиналы жарықтандырғыштың бастиегі - 1 дана

Желілік адаптер -1 дана

Контроллер -1 дана

Өтпелі сақина - 6 шт (49 мм, 52 мм, 55 мм, 58 мм, 62 мм және 67 мм)

7. Назар аударыңыз:

- 1) Пайдаланған кезде құрылғымен қақтығысуға немесе оның құлауына жол бермеңіз.
- 2) Жарықтандырғышты қоршаған ортаның өте жоғары немесе төмен температурасында, сонымен қатар жоғары ылғалдылықта пайдаланбаңыз.
- 3) Дақтарды немесе саусақтардан қалған іздерді еріткіштердің, бензолдың немесе басқа жуғыш құралдардың көмегімен тазаламаңыз. Жарықтандырғышты суға шыланған жұмсақ матамен сүртіп алыңыз.
- 4) Егер жарықтандырғыш неғұрлым суық кеңістіктен жылыға жылжытылса, жарықтандырғыш корпусының ішінде бұйымды бұзуы мүмкін болатын конденсат пайда болуы ықтимал. Корпусы бөлме температурасына жетпегенше жарықтандырғышты пайланбаңыз.
- 5) Жарықтандырғыш пайдаланылмағанда оны құрғақ, жақсы желдетілуі бар салқын жерде сақтаңыз.

Біз өзіміздің өнімдеремізді нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жетілдіруді жалғастырудамыз, сондықтан кез келген болымсыз өзгерістер нұсқаулықта көрсетілмеуі де мүмкін. Ыңғайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Өндіруші: ГОДОКС Фото Эквипмент Ко., Лтд
Мекенжайы: 1201-кеңсе, Джиншан Билдинг, №5033, Шеннан ИстРоуд, Луоху
Дистрикт, Шеньчжень Сити, Қытай 518001.
Телефоны +86-755-25726373
Еуразиялық экономикалық одақ аумағына импорттаушы:
"Наблюдательные приборы" ЖШҚ,
197198, Санкт-Петербург қ., Малая Пушкарская к-сі, 4-6-үй, лит. А, 2Н-үй-жай.
Телефоны +7 (812)498-48-88
Бұйым ҚР аумағында сертификаттаудан өтті
Өндіруші кәсіпорын ISO 9001 сапа менеджментінің халықаралық жүйесінде
сертификатталған

